

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

**Топ:** ортаңғы «Айналайын» тобы

**Бала жасы:** 3жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 28.11-02.12. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 28.11.22	Сейсенбі 29.11.22	Сәрсенбі 30.11.22	Бейсенбі 01.12.22	Жұма 02.12.22
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл- күймен қарсы алу. <b>«Өз ұяшығын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. <b>Математика негіздері</b>	Балаларды тамаша көңіл- күймен қарсы алу. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Ақ қояным»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. <b>Дене шынықтыру</b>	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу . <b>Жұмбақ:</b> Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. <b>Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балаларды нейрожаттығулармен көңілді қарсы алу. <b>Суретпен жұмыс «Менің Қазақстаным»</b> <b>Мақсаты:</b> Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Сөйлеуді дамыту, жапсыру</b>	Балаларға жақсы комплимент айтып, көңілді қарсы алу. <b>Суретпен жұмыс: «Көңілді қыс»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың коммуникативтік құзреттілігін дамыту. <b>Көркем әдебиет, жапсыру</b>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Үйде өз киімдерін өздері киюуге үйрету.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тәрбиесі жайында айтып өту	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	<b>Ата-аналарға кеңес:</b> «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат.

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қоңыздар» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жүгіруге, белгі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету. <b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны «Құстарды тап»</b> <b>Мақсаты:</b> жануарлардың арасынан тек құстарды табу. <b>Сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, математика негіздері</b></p>	<p><b>Д/о «Қай жануардың дауысы?» Доппен ойын</b> <b>Мақсаты:</b> Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. <b>Сөйлеуді дамыту, жапсыру, математика негіздері</b></p>	<p><b>Д/о:</b> «Өз туынды тап» <b>Мақсаты:</b> Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету. <b>Қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу</b></p>	<p><b>«Қар кесегі»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға қарандашты дұрыс ұстай білуді үйрету, қар кесегінің суретін салғызу арқылы әдемілікке баулу. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Сурет салу</b></p>
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Картотека №14</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесін түсіндіру. Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, көркем әдебиет)</b> <b>Бата айту:</b> Дастарханым мол болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын. Бірлік берсін басымызға, Береке берсін асымызға. Әмин</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>"Кел , сәлемдесейік!" жаттығуы. <b>Ғажайып сәт.</b> Қуыршақ Дананы балалармен</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> Біз қандаймыз, қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ренжуді білмейміз Қуанамын мен де,</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қанат қағамыз. Жабырқауды білмейміз Жалқаулықты</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген-</p>	<p><b>Жылулық шеңбері:</b>  Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін.</p>

	<p>таныстыру. <b>Сергіту сәті:</b> "Ойыншықтар әні". <b>Д/о</b> "Нені қайда қоямыз?" <b>Көркем сөз</b> "Балабақшам" қайталату. Кейіпкермен қоштасу. Ойын рефлексиясы "Смайлик". <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>Қуанасың сен де, Қуанайық, достарым. Арайлап атқан күнге. <b>көрк.әдеб, сөйл.дамыту</b></p>	<p>сүйемейміз. Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. <b>көрк.әдеб,сөйл.дамыту,музыка</b></p>	<p>Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі. <b>сөйл.дамыту</b></p>	<p>Алақаным арқылы Жылуымды беремін Достар , бері келіндер,  Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер! <b>сөйл.дамыту,музыка</b></p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>Денешынықтыру міндеті:</b> 1.Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру(2,5-5мқашықтық). 2.Допты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. 3. Оң және сол қолмен (1,5-2м қашықтықтан)допты кеуде тұсынан лақтыру. <b>Қ/о</b> «Алға жылдам жүр, тек жүгірме» Ойынның мақсаты:Өкпені тыныс алуын,</p>	<p><b>Қазақ тілі:</b> Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгерте отырып қарапайым сөз тіркестерін құрауға, құстардың атын атауға, табиғат құбылыстары туралы шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту арқылы жыл мезгіліне, жаңбырға, жауған жапырақтарға деген қарым-қатынасын білдіруге үйрету. Сөздік қорына келесі</p>	<p><b>Денешынықтыру міндеті:</b> 1.Қолды жоғары, алға көтеру. 2. Қолды жоғары төмен түсіру(бірге немесе кезекпен). 3.Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару. <b>Қ/о</b> «Тышқан мен қонжық» <b>Мақсаты:</b>Терең ырғақты дем алып шығаруға жаттықтыру,қимылдың дұрыстығын дамыту,омыртқа бұлшық етін дамыту.</p>	<p><b>Денешынықтыру міндеті:</b> Қолдарын алдына немесе басынан жоғары артқа апарып шапалақтау. 2.Қолды алға жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату. 3.Қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. <b>Қ/о:</b> «Қарлы эткеншек» <b>Мақсаты:</b> балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру.</p>	<p><b>Музыка міндеті:</b> Ән айту. Ән Айту дағдыларын дамытуға ықпал ету до- ре диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып,ойнақы айту)</p>

	жалпы дене <b>Мақсаты:</b> Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын, ептілігін дамыту.	сөздерді енгізу, "күз", "құстар", "жапырақтар түседі". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "жаңбыр тамшылары тамады", "жапырақтар, ұшыңдар" сөздік қорларын молайту			
2- таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында қолдарын жуып, орындарын тауып, түзу отыруларын қадағалау ( <b>өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек қызметі</b> ).				
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау. Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>				
Серуен	<b>№62 Серуен картотека</b>	<b>№63 Серуен картотека</b>	<b>№64 Серуен картотека</b>	<b>№1 Серуен картотека</b>	<b>№2 Серуен картотека</b>
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың қатармен топқа оралуы, екі-екіден қол ұстасып жүру. Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. Балалардың өздері шешініп, киімдерін ретімен, ұқыпты шкафтарына салуын үйрету. <b>( өз-өзіне қызмет ету, мәдени дағды, дербес ойын әрекеті).</b>				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, жууын қадағалау. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, ұқыпты тамақтануға үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				

	<p><b>Бата жасау:</b>  Дастарханым мол болсын,  Уайым-қайғы жоқ болсын.  Бірлік берсін басымызға,  Береке берсін асымызға. Әмин</p>				
Күндізгі ұйқы	«Алма» ертегісін оқып беру <b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау, баяу музыка тыңдау <b>музыка</b>	Тәрбиешінің өзінің орындауындағы әнімен ұйықтату <b>музыка</b>	Ыбырай Алтынсариннің «Екі дос» әңгімесі <b>көрк.әдеб</b>	Балалардың жақсы тынығулары үшін, жағдай жасау. <b>Музыка</b>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы : <b>Көзге арналған жаттығулар:</b> Музыка ырғағымен жасалынатын жаттығулар, <b>музыка, мәдени дағды, д\ш</b>	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Басқа және қолға арналған жаттығу. «Массажды қолғаптар»	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру майтабандылықтың алдын алу. <b>Көркем әдебиет, д\ш</b>	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: <b>Тыныс алу жаттығуы:</b> «Үлпек қарды ұшыр» Терең тыныс алып, ауызбен ұзақ дем шығара отырып, бөтелкенің ішіндегі үлпек қарды түтікше арқылы үрлеу. <b>Д/ш</b>	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Орамалды жинау» аяқ саусақтарына арналған жаттығу <b>Д/ш</b>
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	Дербес ойын «Мозайка»	«Жәндіктер» <b>Мақсаты:</b> Балаларға суреттер арқылы	Д/о «Көлеңкесін тап?». <b>Мақсаты:</b> Балалардың	«Қоржынды сәңдейміз»	<b>Үстел үсті ойыны «Кім қандай көлікпен</b>

<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Балалар мозайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. <b>Құрастыру</b></p>	<p>жәндіктер туралы түсінік беру. Жәндіктерді құрастыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. <b>Құрастыру, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету. <b>Көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Сурет салу, жапсыру</b></p>	<p><b>келді?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға көліктің қай маман иесіне тиесілі екенін түсіндіру.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Қорегін тап» дамытушы кітапты пайдалану арқылы Айя, Рауанға жануарлар туралы түсініктерін нақтылау. <b>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> Бизиборд тақтасын пайдалана отырып Арсен, Алауға баулау, түймелеу ептіліктерін қалыптастыру <b>Құрастыру, матем негізі, танымдық дағды</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Төлін тап» ойнай отыра ойлау, қызықтыра отырып қоршаған ортамен таныстыру. Айсері, Аңсарға-логикалық ойлауын дамыту, сөйлеуге ынталандыру, танымдық дағдысын кеңейту. <b>Сөйл. дамыту, қорш. орта</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> «<b>Сыңарын тап</b>» ойыны арқылы Айкен, Хантөре, Айымжанның ұсақ қол моторикасын дамыту. <b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс</b> «С», «Р» дыбыстарын дұрыс айтқызу, Медина, Айкенге Тіл ұстарту жаттығуларын жасату: Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. <b>Сөйл. дамыту, көрк. әдеб</b></p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				

Серуен	<b>№62 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№63 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№64 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№1 Серуен картотека (қорытындылау)</b>	<b>№2 Серуен картотека (қорытындылау)</b>
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b> <b>Бата жасау:</b> Дастарханым мол болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын. Бірлік берсін басымызға, Береке берсін асымызға. Әмин				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әндер мен тақпақтарын қайталау. <b>көркем әдебиет, музыка</b>	<b>Д/о «Артығын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, Дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. <b>Сурет салу, жапсыру</b>	Кітап бұрышында <b>Ойын: «Дұрысын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру. Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кесе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Сюжеттік рөлді ойын:</b> <b>«Балықшылар»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды балықшылардың еңбегімен таныстыра отырып, еңбек құралдарымен және оларды қалай пайдаланатынын түсіндіру, балалардың сөйлеу қабілетін дамыту, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, қарым-қатынас орнату дағдыларын меңгерту <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Үстел үсті ойыны: «Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен конструктормен үйшік құрастырады. <b>Құрастыру</b>

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларының жақсы қасиеттерін айту	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Балалармен бірге Қыс мезгіліне арналған көрме жасап келуді тапсыру	Балалардың жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
------------------------	---	--	--	--	--

Циклограмма толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_ Әдіскер: \_\_\_\_\_